

32. Рогачев А.А. Использование трудовых ресурсов села / А.А. Рогачев. – Алма-Ата, 1970. – 246 с.
- 33 Зорин В.И. Сельскохозяйственная рабочий класс Казахстана / В.И. Зорин. – Алма-Ата, 1972. – 166 с.
34. Кадыртаева М. А. Некоторые вопросы помощи рабочего класса сельскому хозяйству Казахстана (1946–1950 гг.) // Роль рабочего класса Казахстана в подъеме сельского хозяйства Казахстана (1946–1980 гг.). Сборник научных трудов / М.А. Кадыртаева. – Алма-Ата: Изд. КазГУ, 1989. – С. 31–41.
35. Абжанов Х.М. Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма / Х.М. Абжанов. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 190 с.
36. Муритова А.Б. Культурное строительство в селах и аулах Казахстана (1946–1960 гг.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук / А.Б. Муритова. – Алма-Ата, 1991. – 24 с.
37. Соколов А.К. Социальная история России новейшего времени. Проблемы методологии и источниковедения // Социальная история. Ежегодник 1998/1999 / А.К. Соколов. – М.: РОССПЭН, 1999. – С. 39-76.

### **ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК ЖҮЙЕ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨМІРІ (XX ҒАСЫРДЫҢ 40-50 ЖЖ.)**

**Бодеев К.Т., PhD, аға оқытушы**  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Орталық Қазақстан көп ұлтты аймақ ретінде көпконфессиялығымен де ерекшеленеді. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі халыққа қарсы бағытталған кеңестік саясат, дін мен діни ұйымдардың жұмысын да шектеді. Мешіттер мен шіркеулер жабылып, діни ұйым жетекшілері қуғынға түсіп, діндарлар наным-сенімдерінен «бас тартуға» мәжбүр болды. Қарағанды қаласы Большая Михайловка поселкесіндегі шіркеу 1930 жылы жабылды [1, 1 б.]. Ал Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы мешіт те 1930 жылы жабылған болатын [2, 7 б.]. Діни ұйымдарды таратып, мүлкін кәмпескелеу кеңес өкіметінің дінге қарсы шараларының негізгі сипатына айналды. Діни ұйым басшыларын түрмелерге қамап, олардың отбасыларына қысым жасалды. Тарихшы Н. Нұртазина мәліметтері бойынша 1940 жылы бір ғана Қарлағта 355 діни қызметкер жазасын өтеген [3, 17 б.]. Жан-жақты қысым көріп, аштық пен репрессиядан өтіп, енді ес жия бастаған тұста халықтың басына Екінші дүниежүзілік соғыстың тауқыметі түсті.

1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы биліктің діннің халықты жауға қарсы біріктіру құралы ретінде маңызын ескеруге әкеліп, діни ұйымдардың қызметінің қайта жандануына себепші болды.

Соғыс басталған алғашқы күндерде Орыс православие шіркеуінің митрополиті Мәскеулік және Коломендік Сергей миллиондаған адамдарға үндеу жариялап, отансүйгіштікті сөзбен ғана емес іспен де дәлелдеуге шақырды [4, 221-222 бб.]. Мұсылман дін басылары мен діндарлардың 1942 жылы мамырда Уфа қаласында бас қосқан съезінде неміс-фашистік басқыншылардың Кеңес одағына шабуылын айыптады. Съезде мұсылман жауынгерлерді күштерін аямай «шайқас алаңында өз Отанын, бүкіл адамзат пен мұсылмандар әлемін фашист жауыздардан азат ету үшін күресуге», тылда қалған ерлер мен әйелдерді «барлық күшін Отан үшін соғысты нәтижелі жүргізу, халықты тұрмыстық заттармен қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайды жасауға» барлық күштерін салуға шақырды [4, 246-248 бб.]. Мұсылмандардың Орталық діни басқармасының муфтиі Әбдірахман Расулов діндарларды Мұхаммед пайғамбардың барлық өсиеттерін орындауға үгіттеді. Ол Отанға деген махаббат және оны қорғау сенімнің шарттарының бірі, майданға аттанып бара жатқан жауынгерге көмек көрсету, соғысқа аттанғандардың жұмыс орнын иеленіп, тылда да ерлер мен әйелдердің еңбек етуін соғысқа қатысқанмен теңестірді.

Фашизммен күрестегі адалдығы үшін Кеңес өкіметі діни ұйымдардың қызметін ресми түрде рәсімдей бастады. Заңнамалық-құқықтық негізін қалыптастырушы құжат КСРО Халық комиссарлар кеңесінің 1943 жыл 18 қарашадағы №1325 «Шіркеулерді ашу тәртібі» жайлы қаулысы еді [5]. Құжатта діни ұйымдардың ашылу реті, қойылатын талаптар айтылды. Дегенмен билік діни ұйымдарды ресми ашуға асықпады. Бұл жағдай тек Қарағанды облысы ғана емес, Қазақстанның барлық аймақтарына тән жағдай еді. Мешіттер мен шіркеулер ресми жұмыс жасауға «орталықтан» рұқсат ала алмады. Барлық діни ұйымдар соғыс аяқталғанша өтініш жазумен ғана шектелді.

Дегенмен, діни ұйымдар мен діндарларотан алдындағы борыштарынаөз үлестерін қосып жатты.Мысалы, 1944 жылы Орталық Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни істері бойынша Қазақстан мухтасибі және қазысы Т.Шамсутдиновтың үндеуімен Отанды қорғау ісі мен Қызыл Армияға барлығы 1 035 320 сом, Қарағанды облысы бойынша 170 226 сом жиналған еді [6, 9 б.].

1944 жылы маусымда жергілікті тұрғындардың өтінішімен Қарқаралы қаласындағы мешіт жөндеуден өтіп, облыстық кеңестің атқару комитетінің өкілінің қатысуымен ашылды[2, 16.]. 1944 жылы 3 қыркүйекте мешіт жанынан мұсылмандардың діни ұйымын тіркеуді сұрап өтініш жазды. 1944 жылы 14 желтоқсанда Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі «құжаттарды КСРО Халық шаруашылық кеңесіне тікелей жіберуді» сұраса [7, 20 б], 1945 жылы 10 ақпанда мешіт жанындағы діни ұйымды ашуға рұқсат сұрап жіберген құжаттардың түгел еместігі «діндарлардың тізімі мен өтініштерінің түпнұсқасы жоқтығы» салдарынан кері қайтарылды [7, 22 б].

1945 жылдың 4-ші кварталына Қарағанды облысы бойынша тіркеуден өткен діни ұйым болған жоқ [8, 4 б.]. Дегенмен діни ұйымдардың тіркеуден өту үшін өтініштер саны артты.

1946 жылы облыстағы уәкіл Т.Жұмағалиевтің КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қазақстанның діни культтер істері бойынша кеңестің уәкіл Н.Сәбитов атына жолдаған хатында «маусым айына дейін Қарағанды қаласының Сталин, Киров, Железнодорожный аудандары діндарларының ресми тіркеуден өту үшін өтініші түскені» айтылған болатын [9, 159 б.].Жалпы 2-ші сәуір мен 20-шы маусым аралығында облыс көлемінде – 4:Қарағанды қаласы Киров ауданында мешіт ашу үшін 25 адам қол қойған;Компанейск поселкесінде евангелия-христиан баптистерінің шіркеуін ашу үшін 20 адам қол қойған;Қарағанды қаласы Сталин ауданында мешітін ашу туралы 26 адам қол қойған;Жезқазған ауданында евангелия-христиан баптистерінің шіркеуін ашу үшін 20 адам қол қойған өтініштер түсті.Өтінішке қол қойған адамдардың барлығы талап сұраныстарына сәйкес кәмелеттік жасқа толған, сот арқылы сайлау құқығынан айырылмаған еді.

Киров ауданы бойынша мұсылмандардың саны 60 адамды құрады. Жоспарланып отырған аудандағы мешіт осы қауымдастықтың жетекшісі Галиев Зейнолла молдаға тиесілі еді. Ол өз еркімен Киров ауданы, 2-ші Доковская, №1/4 үй мекен-жайы бойынша орналасқан үйін мешіт ретінде пайдалануға берді.

1946 жылы 15 тамызда уәкіл Н.СәбитовкеҚарағанды облысы бойынша тіркеуден өтпеген діни ұйымдардың қызметі туралы ақпарат берілді. Ақпаратта, тіркеуден өтпей жұмыс жасап отырған 6 діни ұйымның,бейімделген діни ғибадатхананың болмауы салдарынан тіркелмей отырғандығын атап өтті. Олар: Қарағанды қалалық Киров және Сталин аудандары мен Қарқаралы ауданындағы – мұсылман; Қарағанды қаласының Железнодорожный ауданындағы Компанейск поселкесі, Жезқазған ауданы мен Привокзальный поселкелеріндегі– евангелия христиан-баптистерінің діни ұйымдары еді. Барлық ұйымға 295 діндар мүше болса, оның 210-ы мұсылман, 85-і евангелия христиан-баптистер болатын [8, 10 б.].

1946 жылы 12 маусымда Қарағанды облыстық еңбекші депутаттарының атқару комитетінің шешімі шықты. Шешімде Қарағанды қаласы, Киров ауданы, 2-ші Доковская, №1/4 үйдің иесі әрі осы топтың жетекшісі Галиев Зейнулланың өз үйін діни жораларды жүргізуге беріп отырғандығы, діндарлар құрамы мен мешіттің санитарлық-техникалық талаптарға сай болуына байланысты, мешіт ашуға рұқсат беру жайлы шешім қабылданғаны айтылды [9, 165 б.].Облыста қабылданған шешім алғашқыда Алматыға, түбегейлі шешім қабылдануы үшін Мәскеуге жіберілді.

1946 жылы 26 тамыздаҚарағанды облыстық еңбекші депутаттарының атқару комитетінің Сталин ауданының 20 тұрғыны қол қойып, мешіт ашуға рұқсат сұраған өтініші бойынша шешімі шықты. Загородная 7, 54/2 үйдің иесі, әрі қауым жетекшісі молда Мусин Мухаметқалидың (Балақажы) үйін мешіт ретінде пайдалануға рұқсат берілді [9, 171 б.].

1946 жылы қарашада КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы діни культтер жөніндегі комитеттің Мәскеуге жіберілген өтініштер қанағаттандырылып, Қарағанды қаласының Сталин және Киров аудандарындағы мешіттер ресми тіркеуден өтті [10, 16-19 бб]. Мешіттердің ашылуы мұсылмандардың өз құқықтары үшін күресінің аз да болса жеңісі еді. Демократиялық принциптер аяққа басылып, кеңес адамдарының басына түскен ауыр күндерде шешілген мәселелердің бірі болды.

1946 жылы 5 желтоқсанда Қарағанды облыстық еңбекші депутаттарының атқару комитетіауданның 21 тұрғыны Қарқаралы қаласында мешіт ашуға рұқсат сұраған өтінішін қанағаттандырды.Өтініште мешіт Қарқаралы қаласы, Еңбекшілер көшесі, 33-ші үйде орналасатындығы,үй иесі Қалыбекова өз еркімен үйді пайдалануға бір жылға жалға бергендігі айтылды [9, 184 б.]. Ғимарат техникалық, санитарлық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай және қосымша жөндеу жұмыстарын қажет етпейтіндігі атап көрсетілді [7, 32 б].

1946 жылы 17 желтоқсанда Қарағанды облыстық еңбекші депутаттары атқару комитетінің, Жаңаарқа ауданының әкімшілік орталығы Атасу поселкесінде мешіт ашу туралы өтінішін қанағаттандыру туралы шешімі шықты. Атасу поселкесі Восточная көшесі, № 52 үйде тұратын Бекежанова Төлтай өз еркімен үйін мешіт ретінде пайдалануға үш жылға жалға берді [9, 183 б.].

Қарқаралы қаласымен Жаңаарқа ауданында мешіт ашу жайлы өтініш Мәскеуге 1947 жылы 21 қаңтарда жіберілді [11, 6-8бб.]. Уәкіл Г. Шамсутдинов мешіттерді ашуға қолдау көрсетіп, Мәскеуге хат жолдады [11, 32 б.].

1947 жыл 18 ақпанда Қарқаралы және Жаңаарқа аудандарында мешіт ашуға тапсырылған құжаттар дұрыс еместігі салдарынан қайтарылды. Себебі «Жалға алыну үш жылға дейін болуы керек. Ауданда өзге де мешіттердің бар-жоғы жайлы ақпарат берілмеген» [11, 81-83 бб.]. «Мешіт 40-қа жуық адамның сұраныстарын қамтамасыз етеді делінген. 40 адам қаладағы барлық діндарлардың саны ма, әлде бір бөлігі ғана ма немесе сол 40 адам ғибадат үйінің молда, күзетшіт.б. шығындарын өтей ме?» [7, 33 б] деген сұрақтар туындады.

1947 жыл 14 наурызда облыстық уәкіл Т. Жұмағалиев жоғарыдағы сұрақтарға «Қарқаралы қаласында 200-250 діндар бар. Жоспарланып отырған мешіт сол діндарлардың сұраныстарын қамтамасыз етеді деп күтілуде. Қарқаралы ауданында немесе қаланың өзінде жұмыс жасап отырған өзге мешіт жоқ. Үйді жалға беруші Калибекова мен молда Әбішев арасындағы келісім шарт 1947 жыл 3 наурыз бен 1950 жыл 3 наурыз аралығында мерзімге қол қойылды» [7, 35 б] деп, жауап беріп құжаттарды қайта тапсырды.

1948 жылы желтоқсанда Қарқаралы және Жаңаарқа аудандарындағы мешіттерді ресми тіркеу туралы бұйрық шықты [10, 16-19 бб]. Бірақ, көп ұзамай ауданда орналасқан екі мешіттің жұмысын тоқтата тұру туралы шешім қабылданды. Оған негізгі себеп Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін қайта басталған дінге қарсы саясаттың салдары еді.

1947 жылы діни ұйымдар, діндарлар мен діни жетекшілерге қысым көрсету басталды. 1947 жылы 4 қаңтарда КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер ісі бойынша кеңестің қаулысы шықты. Қаулыда КСРО қаржы министрлігінің 1946 жылғы 13 желтоқсандағы №870 бұйрығы негізінде, республикалардың қаржы министрліктерімен байланыс орната отырып, қаржы органдарына тіркеуден өткен және өтпеген діни ұйымдарды анықтап салық салу жөнінде тапсырма берілді [11, 1-2 бб.]. Бұл тапсырма діндарлар тарапынан қолдау таппады. Республиканың түкпір-түкпірінен наразылық арыздар жазылды. Мысалы, Қазақ КСР Қаржы министрлігіне Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданының қаржы бөлімі бойынша евангелия христиандардан салық алғаны жөнінде Коваленко Т.С. арызданса [12, 43 б.], осындай арызды Петропавл қалалық мешітінің молдасы Ш.Хиалетдинов те жазды [12, 44 б.]. Солардың қатарында, Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының молдасы Мұстафин Нұркейдің арызы да болды [12, 45 б.]. Олар табыс салығының негізсіз екенін дәлелдеуге тырысып, салық көлемінің шамадан тыс көп екендігін айтты.

Соған қарамастан мұсылман мешіттерінашу туралы өтініш көбейді. 1947 жыл 1 сәуірде КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Діни культтер бойынша Кеңестің төрағасы Полянский мен КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы діни культтер бойынша Кеңестің Қазақ КСР-і бойынша уәкіл Н.Сәбитовке жолданған бірінші кварталдық «Қарағанды облысы бойынша діни культтер істерінің жұмысы жайлы» есебінде «Қарағанды қаласы Шахтинск ауданы бойынша 28 діндардың қолы қойылған өтініш түсті» [8, 31-32 бб.] делінген.

Сонымен қатар, 1947 жылы ақпанда Жаңаарқа ауданының Дария стансасы мұсылмандарынан мешіт ашу туралы өтініш түскен. Діндарлардың саны 15 отбасы екендігі көрсетілген. Бірақ, Еңбекші депутаттардың облыстық кеңесі «діни қажеттілік туындаған жағдайда Дария стансасының тұрғындары Атасу селосына баруына болады» дей келіп, мешіт ашу туралы өтінішті кері қайтарды.

Қарағанды облысы Жезқазған ауданының 20 мұсылманынан мешіт ашуға рұқсат сұраған өтініш түскен. Құжаттары түгел емес болғандықтан «толықтырылсын» деген желеумен кері қайтарылды [8, 31-32 бб.].

1947 жылы 7 сәуірде Жезқазған кенішінде Красноармейск көшесі 37 үйде мешіт ашу туралы өтініш түсті [13, 203 б.]. Молда Бейсек Наурызбаев Жезқазған кенішіндегі мұсылман діни ұйымының басшысы ретінде мешіттің техникалық, санитарлық және өртке қарсы жағдайы жайлы ақпарат жіберг [13, 229 б.].

1947 жылдың 1 тамызында КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Діни культтер бойынша Кеңестің төрағасы Полянский мен КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы діни культтер бойынша Кеңестің Қазақ КСР-і бойынша уәкіл Н.Сәбитовке екінші квартал бойынша «Қарағанды облысы бойынша діни культтер ісі бойынша жұмыс жайлы» баяндау хат жөнелтілді.

Хатта Жаңаарқа ауданы Өспен поселкесі мұсылмандарының 21 адам қол қойған өтініші келіп түскендігі айтылды. 1947 жыл 12 мамырына Өспен поселкесінде тұратын мұсылмандардың саны 250 адам екендігі көрсетілген [8, 31-32 бб.].

Салыстырмалы түрде мұсылмандардың мешіт ашуға ұмтылысы осы кезеңде белсенді жүрді. Билік тарапынан жүргізіліп отырған қысымға қарамастан, заң аясында ресми тіркеуден өтуге тырысты.

Діни ұйымдардың қызметінің қайта күшеюімен қатар, діни салт-жоралар да жүргізіле бастады. 1946 жылы 28 желтоқсанда «Құрбан айт» мерекесі аталып өтті. Қарағанды қаласындағы екі мешіттегі «Айт намазына» барлығы 400 адам жиналды. Қарағанды қаласы Киров ауданындағы мешітке 150 адам келсе, Сталин ауданындағы мешітке 250 адам жиналған. Айт намазына 40 пен 70 жас аралығындағылар қатысты. Әйелдер мен мектеп жасындағы балалар қатыспаған еді. Құрбан айт күні құрбандық шалу жасалмады. Молда құрбандық шалу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оның міндетті емес екендігін айтқан [8, 23 б.].

1946 жылы 31 желтоқсандағы КСРО министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер істері бойынша кеңес уәкілінің №1905 хатына сәйкес, Құрбан айт мерекесі уақытында сойылған малдың терісін жергілікті «Заготкожа», пітір садақа ретінде берілген бидайды жергілікті «Заготзерно» контораларына тапсыру керектігі айтылды. Бұл мекемелерден түскен қаржы діни басқармаға немесе Қазақстандағы өкіліне аударылуы тиіс еді [13, 25 б.].

Мектеп жасындағы балалардың мешіттерге баруына тыйым салынды. Сол себепті, мешіт құрылысын бастамас бұрын, сатылып немесе жалға алынған болашақ мешіттің мектептерге жақын орналасуы заңмен шектелді. Діни мереке күндері жұмысшылардың себепсіз жұмыстан қалуы қатаң бақыланды. Мерекелердің аталып өтілуі жайлы есепті орталықтан талап етіп отырды.

Мешіттің барлық шығыны діни ұйымның мойнында болды. 1947 жылы Сталин ауданында 400 адамға есептеліп мешіт салынды [13, 233 б.]. Киров ауданындағы мешіт маусым айында құлап, 2-ші Нагорная көшесіндегі №22 үйді сатып алды [8, 32 б.].

XX ғасырдың 40-шы жылдарының ортасында қажылыққа бару ісі қайта қолға алынды. 1946 жылы 9 қыркүйекте уәкіл Н.Сабитовке Қазақ КСР-і бойынша 18 адам, оның ішінде Қарағанды облысының екі молда Шәріп Бекшумеев және Шелбура Құлшықов [14, 44 б.] өтініш білдірді.

Мұсылмандардың күнделікті тіршілігімен қатар, олардың арасындағы қарама-қайшылықтар билік тарапынан тыс қалмады. Мысалы Сталин ауданындағы мешіттегі тартыстардың бірі уәкіл тарапынан келесідей сипатталды: «Соңғы уақытта мұсылмандар арасында ашық аспан астында намаз оқу жиі байқалуда. Нұрмағамбетов Таутан басқаратын бір топ мұсылмандар Сталин ауданында ресми тіркелген мешіттің болуына қарамастан оған кіруге бас тартып отыр. Ауданда Сармантай және Қаракесек руының өкілдері арасында өзара талас өрбуде. Нұрмағамбетов Таутан Сармантайлардың өкілі болса, Мусин Мұханбетқали Қаракесек руының өкілі. Мусин Сталин ауданындағы тіркеуден өткен мешіттің молдасы. 1943 жылдан Т.Нұрмағамбетов өзін Қарағанды қаласының имамымен деп есептейді. 1945 жылы қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңеске сайлау барысында Қарағанды қаласында имамды қайта сайлауы тиіс еді мыс. Сталин аудандық кеңесінің атқару комитетінің төрағасы мен ҚК(б)П үшінші хатшысының қолдауымен Нұрмағамбетов имам сайлануы тиіс болған. Осы жайтты білген жергілікті партия ұйымдарының жетекшілері, атқару комитетінің төрағасы мен хатшыны жұмыстан да, партия қатарынан да шығарған.

Дегенмен, Нұрмағамбетов тобы мешіт ашу туралы өтініш білдірген емес. Олардың ойынша «одан ешқандай пайда жоқ, себебі барлық қаржы мемлекет пайдасына түседі». Бірнеше ескертулерге қарамастан Т.Нұрмағамбетов пітір жинап отыр.

Жаңаарқа ауданы Өспен поселкесінде Шарипов Кәрім қожаның басқаруымен ашық аспан астында намаз оқу жүргізілді. Сонымен қатар дәл осы жағдай Тельман ауданының 1 мамыр колхозында Мұстафа ишанның басқаруымен жүруде. Олар ескертуге қарамастан тоқтатар емес» [8, 31-32 бб.]. Діни өмірді қадағалап отыруға арналған есеп берулер болғанынан қарамастан, кейінгі жылдары мешітті жабуға ұмтылған тұста осы ақпараттардың барлығын билік мешіттірге қарсы пайдаланды.

Мәскеуден бастау алатын діни саясат, орталықтан шеткері орналасқан елді-мекендердегі діни өмірге де әсер етті. Мұсылмандардың статусы жекелеген діни ұйымдармен салыстырғанда жоғары болды. Дегенме, соғыс жылдарында қайта күшейген діни ұйымдардың қызметі, бейбіт өмірге көшу барысында, мемлекеттік идеологияға сай келмейқысымға алына бастады. Қарағанды қалалық Сталин және Киров аудандарындағы мешіттер ресми тіркеуден өткенімен, аудан орталықтары, ауылдық елді мекендердегі мешіттердің ашылуларына түрлі сылтаулармен тыйым салынды. Діндаралардың күнделікті өмірі, діни мерекелердің тойлануы, халықтың діни салт-жораларды ұстануы билік

тарапынан жіті қадағаланды. Салықтар салу арқылы молдалардың қызметіне шектеу қоюға да тырысып басты. Дегенмен, мешіттер ашуға сұраныстардың толастамауы, кеңестердің дінге қарсы саясатының нәтиже бермегендігін көрсетті.

### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 ҚОМА, Қ. 1364, Т. 1, І. 4.
- 2 ҚР ОМА, Қ. 1711, Т. 1, І. 2.
- 3 Нуртазина Н.Д. Борьба с исламом. Религиозная политика Советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 36 с.
- 4 Одинцов М.И. Власть и религия в годы войны. (Государство и религиозные организации в СССР в годы Великой Отечественной войны 1941–1945 гг.). – Москва: Российское объединение исследователей религии, 2005. – 540 с.
- 5 ҚОМА, Қ. 1364, Т. 1, І. 1.
- 6 ҚР ОМА, Қ. 1711, Т. 1, І. 6.
- 7 ҚОМА, Қ. 1364, Т. 1, І. 7.
- 8 ҚОМА, Қ. 1364, Т. 1, І. 9.
- 9 ҚР ОМА, Қ. 1711, Т. 1, І. 11.
- 10 ҚР ОМА, Қ. 1711, Т. 1, І. 21.
- 11 ҚР ОМА, Қ. 1711, Т. 1, І. 14.
- 12 ҚР ОМА, Қ. 1711, Т. 1, І. 7.
- 13 ҚР ОМА, Қ. 1711, Т. 1, І. 17.
- 14 ҚР ОМА, Қ. 1711, Т. 1, І. 9.

## ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА, СПОРТ И СПОРТИВНАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ В КАЗАХСТАНЕ В 1940 – 1960-ЫЕ ГОДЫ

**Кзылов Д.Т.**, магистрант

(Научный руководитель: д.и.н., профессор **Сактаганова З.Г.**)  
Қарағанды университетінің акадeмикa Е.А. Букетова  
г. Қарағанды, Қазақстан

В современном мире все больше осознается, что спорт и физическая культура являются частью общей культуры человека и общества, а главной целью их функции выступает формирование личности как высшей ценности современного общества [1].

Физическая культура довольно близка спортивной культуре, основной целью которой являются рекорды и первенства, за счет использования духовного и физического совершенства человека. В свою очередь, спортивная культура представляет собой спортивную деятельность, результат которой связан с высокими физическими достижениями и подготовкой к ним.

За годы Советской власти в Казахстане огромные преобразования в экономической, политической и культурной жизни народа. Казахстан из аграрной и отсталой страны превратился в республику с развитым сельским хозяйством и индустрией. Стремительный и бурный рост культурного и хозяйственного строительства обусловил и широкое развитие спорта и физической культуры.

Трудящиеся Казахстана получили от царской России небогатое наследие в области физической культуры. Полная неграмотность населения и общая отсталость Казахстана не способствовали развитию культуры вообще и физической культуры в частности. В советском Казахстане положение с физической культурой коренным образом изменилось.

На развитие спорта в СССР также оказало влияние идеология. Спортсменов воспитывали в духе беззаветной любви и преданности к социалистической Родине, делу Ленина-Сталина.

На первом этапе развития физическая культура в советское время решала общегигиенические и оздоровительные проблемы, включая задачи военно – физической подготовки. В Казахстане первыми организаторами физкультурной работы стали М. Гуннер, Г. Белоглазова, В. Баканов, Д. Мурашко. В деле пропаганды спорта среди коренного населения большую роль сыграл борец Хаджи – Мухан – Мунайтбасов, который являлся неоднократным победителем международных чемпионатов по борьбе.

К началу Великой Отечественной войны физкультурное движение в республике получило широкий размах.